



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А. БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ



АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ
БЕРУДІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ –
ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТАРДЫҢ
ТАБЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«НЕПРЕРЫВНОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО
ОБРАЗОВАНИЯ – ЗАЛОГ УСПЕШНОСТИ
СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГОВ»

II КНИГА

Қостанай, 2022

УДК 37.02
ББК 74.00
II 23

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Доцанова Алма Иргибаетна, Председатель Правления - Ректор Костанайского регионального университета имени А.Байтұрсынова, кандидат экономических наук, профессор;

Исмұратова Галия Суиндиковна, и.о. проректора по научно-инновационному и международному развитию Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова, доктор экономических наук, профессор;

Скударева Галина Николаевна, кандидат педагогических наук, доцент, заведующий кафедрой педагогики и психологии ГОУ ВО Московской области «Государственный гуманитарно-технологический университет»; Почетный работник общего образования Российской Федерации, г. Орехово-Зуево, Россия;

Чекалева Надежда Викторовна, профессор, доктор педагогических наук, заведующая кафедрой педагогики Омского государственного педагогического университета, директор научного центра РАО, член - корреспондент РАО, г. Омск, Россия;

Бектурганова Римма Чингисовна, доктор педагогических наук, советник ректора по педагогическому направлению Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова;

Ахметов Тлеген Альмуханович, и.о. директора педагогического института им. У.Султангазина Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынов, кандидат педагогических наук, профессор;

Демисенова Шнар Сапаровна, заведующий кафедрой педагогики и психологии Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова, кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор;

Утегенова Бибикуль Мазановна, кандидат педагогических наук, профессор кафедры педагогики и психологии Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова;

Смаглий Татьяна Ивановна, кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры педагогики и психологии Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, заведующая методическим кабинетом им. Ы.Алтынсарина кафедры педагогики и психологии Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова

II23 «Педагогикалық білім берудің үздіксіздігі-заманауи педагогтардың табыстылығының кепілі»: 2022 жылдың 11 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2022. – 365 б. = «Непрерывность педагогического образования – залог успешности современных педагогов»: Материалы международной научно-практической конференции, 11 февраля 2022 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2022. – 365 с.

ISBN 978-601-356-122-6

Жинаққа «Педагогикалық білім берудің үздіксіздігі-заманауи педагогтардың табыстылығының кепілі» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланған мәселелердің әртүрлілігі мен кеңдігі мақалалар авторлары үздіксіз білім беру саласын педагогтарды жаңаша даярлау бағдарымен байланыстырып, әр түрлі деңгейдегі білім беру бағдарламаларын іске асырудың тиімді тәжірибесін көрсету, білім мазмұнын жаңарту аясында мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру қажеттілігін негіздеу, инновациялық технологиялар мен білім алушылардың тұлғалық дамуын психологиялық-педагогикалық қолдау туралы зерттеулерін еңгізді. Бұл жинақ материалдары ғалымдарға, ЖОО мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагогтар мен психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Непрерывность педагогического образования – залог успешности современных педагогов». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей раскрыть сущность, тренды и тенденции непрерывности педагогического образования с учетом достижений науки и практики, показать эффективные практики реализации образовательных программ разного уровня, обосновать необходимость совершенствования профессионализма педагогов в условиях новых вызовов в образовательной практике, представить инновационные технологии и форматы психолого-педагогического сопровождения развития личности обучающихся.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

УДК 37.02
ББК 74.00

ISBN 978-601-356-122-6

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2022
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2022

- Жануарлар қаңқасы.

Оқытудың белсенді әдістерін көрнекі құралдарсыз елестету қиын. Биология сабағында оларды сабақтың тақырыбы мен мақсатына сай тиімді қолдану арқылы үздік нәтижеге қол жеткізуге болады. Жоғарыда аталған әдіс – тәсілдерді әр сабақта қолдану арқылы ерекше балалардың қабілетін одан әрі дамытып, білімге деген көкжиектерін кеңейтуге болады.

Ел Президентінің «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» тақырыбындағы Қазақстан халқына жолдауында қоғамдық жаңғыру негізі адами капитал екені баса көрсетіліп, ондағы басымдық ретінде білім берудің жаңа сапасы тұжырымдалды. [2]

Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттарына баршаның сапалы білім алу құқықтарының теңдігі, әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі жататыны Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында сипатталды. Инклюзивті білім беру баршаның сапалы білімге қол жетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған білім беру жүйесін тарату үрдістерінің бірі болып табылады.

ҚР «Білім туралы» заңында ерекше жағдайларға мыналар жатқызылған: «білім алу үшін арнайы жағдайлар – ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдардың (балалардың) оларсыз жалпы білім беретін оқу және білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын, арнайы оқу бағдарламаларын және оқыту әдістерін, техникалық және өзге де құралдарды, тыныс-тіршілігін, сондай-ақ медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайлар...» [3].

Еліміздің Ата Заңында әрбір адамның жеке басының мүддесі мен көзқарасы, таңдауы мен талабы әрқашанда биік тұратынын ескеретін болсақ, зияткерлігі сақталған және мүмкіндігі шектеулі бүлдіршіндер де қоғамнан шеттетілмей тиісті білім алуына толықтай құқылы. Оған кез – келген адам қолдау білдіріп, ұстаздар тарапы болса барынша жүйелі жұмыс жасауға тырысу қажет. Ең ғажабы, жаратылысы ерекше жандардың өмірге деген құлшыныстары ұшан – теңіз. Олардың білсем, үйренсем, танысам деген зор ынталары қашан да жоғары көрініс тауып, өмірге деген сүйіспеншіліктері тым ерекше екені байқалады. Олай болса, бойдағы дарын мен білімді одан әрі дамытып, барынша қолдау көрсету қоғамның басты міндеттерінің бірі. Әр бала бөлек әлем. Барлығы бақытты болуға әбден лайық!

Әдебиеттер тізімі:

1. Инклюзивті білім беру мазмұны және әдістемесі: оқу құралы / М.П.Оспанбаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 232 бет.
2. «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» жалпыхалықтық идеясы: Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан». - А., 2017. ҚР «Білім туралы» Заңы

УДК711.7

СТУДЕНТТЕРДЕГІ ҮЛГЕРМЕУШІЛІКТІҢ АЛДЫН АЛУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Исмаилова Сангина Махсуджановна,
Абай атындағы ҚазҰПУ магистранты
Аганина Құндыз Жамиевна,
педагогика ғылымдарының докторы,
Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры
Алматы қ., Қазақстан

Аннотация

Мақалада қазіргі күндегі өзекті мәселенің бірі болып келетін үлгермеушілік мәселесі қарастырылады сонымен қатар студенттердегі үлгермеушіліктің себептерін зерттеген ғалымдардың құнды пікірлері зерттеледі. Студенттердегі үлгермеушілік себептері мен оның алдын алу шаралары көріледі.

Түйінді сөздер: үлгермеушілік, білім алушылар, үлгерімі төмен студенттер, үлгермеушілік себептері, үлгермеушілікті жеңудің жолдары.

Аннотация

В статье рассматривается проблема неуспеваемости, которая на сегодняшний день является одной из самых актуальных, а также ценные мнения ученых, изучавших причины неуспеваемости у студентов. Причины неуспеваемости у студентов и меры ее предотвращения.

Ключевые слова: неуспеваемость, студенты, слабоуспевающие студенты, причины неуспеваемости, пути преодоления неуспеваемости.

Abstract

The article examines the issue of failure, which is one of the most pressing issues today, as well as valuable opinions of scientists who have studied the causes of failure in students. The causes of failure in students and measures to prevent it.

Keywords: failure, students, weak students, causes of failure, ways to overcome failure.

Білім беруді цифрландырудың қазіргі заманғы талаптарын ескере отырып, білім беру жүйесі үшін жоғары білікті мамандарды қалыптастырудың негізгі факторы және білім беру жүйесінің тиімді жұмыс істеуінің шарты ретінде білім беру менеджерлерін даярлау ерекше өзектілікке ие болуда. [1]

Педагогикалық жоғары оқу орындарының алдында инновациялық менеджментті енгізу және білім беру менеджерлерін даярлауды жетілдіру міндеттері тұр. Қойылған міндеттерді шешу қазіргі цифрландыру жағдайында білім беру жүйесіне менеджментті енгізу үшін теориялық-әдіснамалық және әдістемелік негіздерді әзірлеуді қажет етуде. Бұл қажеттіліктерді қанағаттандыруда осы мәселелерге қатысты мемлекетіміздің қабылдаған құқықтық-нормативтік құжаттарын тікелей басшылыққа аламыз. [2-4]

Қазіргі уақытта, елімізге өндірістің әртүрлі салаларында білікті жұмысшылар мен мамандар қажет болған кезде, білім алушыларды оқыту деңгейі мен сапасы үшін жауапкершілік артады. Жоғары білім – біздің қоғамда кең таралған білім деңгейі, сондықтан жоғары білім – жетекші кадрлар өндірушісі. Жоғары білім беруді жаңғырту нақ осыған бағытталуы тиіс. ЖОО түлегі нақты дағдыларды, шешімдерді түсінуді, іс-әрекеттерді орындау жылдамдығы мен дәлдігін, жауапкершілік пен өзін-өзі бақылауды қажет етеді. Бұл дегеніміз, әрбір студент оқуға жауапкершілікпен қарап, ал оқытушылар студенттерге көмектесуі керек, яғни үлгерімі нашар студенттермен белсенді жұмыс істеуі керек.

Білім алушылар арасындағы үлгермеушілік мәселесі қазіргі қоғамда өзекті болып отыр. Үлгерімі жақсы студенттерден айырмашылығы, үлгерімі нашар студенттер іс жүзінде психологиялық зерттеулердің объектісі емес. Және бұл түсінікті. Сессияны бұл үшін бөлінген уақытта тапсырмаған білім алушылар, әдетте, үлгермегендігі үшін оқудан шығарылады, тек статистикалық есептілікке түседі. Контингентті сақтап қалу үшін және үлгерімі нашар студенттермен бірге бірлескен және жемісті жұмыс жүргізу қажет, олар статистикалық кезекте тұрмайды және оқудан шығарылмайды.

Білім алушылардың үлгермеушілігі мәселесі бойынша біздің елімізде де, шетелде де біршама әдебиеттер бар, құнды практикалық тәжірибе жинақталды, дәлелдеуді қажет етпейтін бірқатар жалпы тұжырымдар жасалды. Атап айтқанда, үлгермеушілік студенттердің жеке ерекшеліктерімен және олардың дамуы жүретін жағдайлармен байланысты екендігі анықталды.

Педагогикада «үлгермеушілік» ұғымы қалай қарастырылатынына зер салсақ, мәселен, философ, педагог және психолог П.П.Блонский мінез-құлық пен оқу нәтижелері оқу орнының тәрбиелік және дидактикалық талаптарына сәйкес келмейтін жағдайды түсінеді.

Психологиялық-педагогикалық сөздік осы ұғымның келесі анықтамасын береді: «білім алушылардың үлгермеушілігі – бұл оқу жылының бағдарламасын игермеген және екі немесе одан да көп пәндер бойынша академиялық қарызы бар білім беру мекемесінде студенттердің қатысуымен көрінетін педагогикалық шындықтың жағымсыз құбылысы».

Қазіргі уақытта қоғамда болып жатқан дағдарыстық құбылыстар әлеуметтік проблемалардың, оның ішінде оқушы жастармен байланысты проблемалардың шиеленісуіне әкелді. Жастардың кәсіптік білім алу қажеттілігі, оның қоғамдық процестерді қайта құруға дайындығын өзектендіру, оны өмірдің барлық салаларына бейімдеу өскелең ұрпақты әлеуметтендіру проблемаларын шешудің жаңа тәсілдерін талап етеді және білім алушы жастарды қорғау мен қолдаудың кепілдендірілген жүйесін құру қажеттілігін тудырады[5].

Студенттердің үлгерімі мен оның оқу әлеуетінің сәйкес келмеуі қазіргі білім берудің негізгі және өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Бұл ЖОО-дағы үлгерімінің төмендігінен, «қанағаттанарлық» оқу нәтижелерінің басымдығынан, оқытушыларға жиі өз бетінше жазылмаған, көбінесе интернеттен алынған, рефераттарды, курстық және дипломдық жұмыстарды өткізуден, студенттердің ғылыми зерттеулермен айналысқысы келмеуі және айналыса алмауынан айқын көрінеді. Көптеген студенттер алған білімінің құндылығын мойындамайды және таңдаған мамандығы бойынша әрі қарай жұмыс табуды жоспарламайды. Көбінесе студенттер тек диплом үшін оқиды.

Үлгермеушілік барлық педагогтар үшін өзекті мәселе. Студенттердің үлгермеушіліктерін жеңу жолдарын табу үшін оны тудыратын себептерді анықтау қажет. Әрбір үлгерімі нашар студенттің өзіндік себебі бар, сонымен қатар белгілі бір студенттер «тобына» ортақ себептер бар және барлық жиынтықтан бір шешуші себеп табу маңызды, әйтпесе оқытушылар мен психологтардың күш-жігері босқа кетеді.

Үлгермеушілік дидактикалық ұғым ретінде педагогика тарихында алғаш рет В.С.Цетлин сипаттады. Оның пікірінше: Үлгермеушілік деп оқу процесінің кез келген маңызды сегментінен кейін бекітілген білім беру мазмұнының талаптарына студенттердің дайындығының сәйкес келмеуі түсініледі (мысалы: бір тақырыпты немесе курс бөлімін зерттеуге арналған сабақтар тізбегі, семестр, жыл) [6, 366]. Студенттердің жоғары оқу орындарындағы жетістіктеріне әсер ететін көптеген факторлар бар. Бұл қаржылық жағдай, студенттің денсаулығы, студенттің ЖОО-ға дейінгі дайындық деңгейі, студенттің ЖОО-да оқу ерекшеліктері туралы ойының шындығы, оқу ақысының мөлшері, оқытуды

ұйымдастыру, оқу процесінің өзі, университеттің материалдық базасы, оқытушылардың біліктілігі, таңдаған университеттің беделі, студент психикасының жеке ерекшеліктері сияқты факторлар. Оқудағы үлгермеушілік себептеріне сондай-ақ сенсорлық және сөйлеу бұзылыстары, ата-ананың сүйіспеншілігі мен қамқорлығының болуы немесе болмауы, тәртіпсіздік, қалыптаспаған танымдық мотивтер жатады. Шындығында, үлгерімі нашар студентте сипатталған бірнеше себептер өзара байланысты және нашар үлгерімнің себебі тек студенттің оқуды қаламауында емес. Үлгермеушіліктің барлық аспектілерін, әлеуметтік, педагогикалық, ұйымдастырушылық және әкімшілік сияқты топтарға топтастыруға болады. Үлгермеушілікті В.С.Цетлин екі түрге жіктейді:

1. Абсолютті үлгермеушілік. Студент келесі курсқа көтерілу үшін қажетті ең төменгі талаптарға сәйкес келмейді, үлгерімдік көрсеткіштері өте төмен.

2. Салыстырмалы академиялық үлгермеушілік. Студенттің танымдық қабілеті міндетті талаптар шеңберінен асып түседі.

М.А.Данилов үлгермеушілікті қарама-қайшылықтармен байланыстырады, ол оқу процесінің қозғаушы күші деп санайды. Оның теориясына сәйкес, студенттердің мүмкіндіктері мен олардан талап етілетін нәрсенің бірлігі өте қарама-қайшы және бұзылған сәтте үлгермеушілік орын алады. М.А.Даниловқа ұқсас идеяларды В.Окон айтқан. Ол нашар үлгерім студенттердің, оқытушылардың өзара әрекеттесуінің және басқа да сыртқы жағдаяттардың бұзылуы деп есептейді.

Е.К.Артищева және С.И.Брызглова «Бітірушілердің көзқарас тұрғысынан алғандағы университеттегі үлгермеушілік» атты жұмыстарында әр түрлі университеттер мен әр түрлі мамандықтағы студенттердің зерттеулері мен сауалнамаларын жүргізгеннен кейін, үлгермеушіліктің себебі ретінде студенттердің нашар әлеуметтік жағдайлары, атап айтқанда сабаққа дайындалу және берілген жұмыстарды орындау үшін компьютердің немесе ноутбуктың болмауы анықтады. Екінші орында қолайсыз сабақ кестесі тұрды Үшінші және төртінші орындарды түсінікті оқу әдебиетінің жоқтығы және университеттің өзінде бар оқытудағы кемшіліктер (ескірген құрал-жабдықтар, кадрлардағы педагогикалық шеберліктің төмендігі, оқытуда ақпараттық технологияларды жеткіліксіз пайдалану және т.б.) алады. Студенттер сонымен қатар үлгермеушіліктің себебі ретінде отбасылық жағдайларды, білім олқылықтарын, оқу дағдысының жоқтығын, жалқаулықты, оқуға деген қызығушылықтың жоқтығын атады. Сонымен, оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырумен және дидактикалық оқу құралдарымен байланысты себептер бірінші орынға шығатынын зерттеу көрсетті [7].

Көптеген зерттеушілер үлгерімнің нашар болуының басты себебі – студенттің бейсаналы түрде мамандық таңдауы, соның салдарынан оқуға деген ынтасының болмауы деп есептейді. Оқу процесінің өзінде көптеген студенттер өздері үшін мүлдем басқа мамандықты таңдағысы келетінін түсінеді, студенттер оқуға деген қызығушылықтарын жоғалтады және тек қана диплом үшін оқиды.

Үлгерім ресми түрде оқу жоспарында белгіленген білім, білік және дағдының толықтығы, тереңдігі, саналылығы мен беріктігі бойынша меңгеру дәрежесімен анықталады. Студенттердің пәнді меңгерудегі үлгермеушілігін келесі белгілер арқылы анықтауға болады:

1. Студент тапсырманы өз бетінше шеше алмайды, оның орындалу жоспарын жасап, оны шешу нәтижесінде не жаңалық бар екенін көрсете алмайды, орындаған тапсырманың мақсатын түсіндіре алмайды, міндетті орындау тәртібін шатастырады, алынған нәтижені тексере алмайды.

2. Студент оқытушы ұсынған әдебиеттер мен дереккөздерді оқымайды.

3. Студент мәселелерді шешу кезінде белсенділік танытпайды және алаңдамайды, қиындықтарды жеңуде немесе ойдың шиеленісуі мен зейінін қажет ететін кезде бастамашылық танытпайды.

4. Студент өзінің жетістігі мен сәтсіздігіне реакция жасамайды.

5. Студент анықтамаларды, теоремаларды, олардың дәлелдеулерін қайта айтып бере алмайды, оқылған мәтінді түсінбейді, жаттаған мәтін бойынша өз ойын, түсінігін айтып, өз сөзімен түсіндіре алмайды [8].

Студенттің үлгермеушілігі күрделі дидактикалық құбылыс. Барлық деңгейлердегі жұмыс (бүкіл университет, факультет деңгейі, курс, мамандық, топ, жеке) үлгермеушіліктің алдын алу және жеңу үшін кешенді тәсілді қамтамасыз ете отырып, өзара байланысты болуы керек. Академиялық үлгермеушіліктің алдын алу және диагностикалау өте маңызды қадамдар болып табылады.

Дидактика академиялық үлгермеушілікті жеңудің келесі жолдарын ұсынады:

1. Педагогикалық профилактика – ең қолайлы педагогикалық жүйелерді іздеу, соның ішінде оқытудың белсенді әдістері мен формаларын, жаңа педагогикалық технологияларды, проблемалық және бағдарламаланған оқытуды пайдалану, педагогикалық іс-әрекетті ақпараттандыру. Мұндай алдын алу үшін Ю.Бабанский оқу процесін оңтайландыру тұжырымдамасын ұсынды.

2. Педагогикалық диагностика – оқу үрдісінің нәтижелерін жүйелі бақылау және бағалау, білімдегі олқылықтарды дер кезінде анықтау. Педагогикалық диагностика үшін оқытушы мен студенттің әңгімесі, қиын оқушыны бақылау, қадағалау жұмыстарын жүргізу, нәтижелерді талдау қолданылады. Ю.Бабанский үлгерімі төмен студенттердің дидактикалық мәселелерін талдап, шешу үшін педагогикалық консилиумдар – оқытушылар кеңесін өткізуді ұсынды.

3. Педагогикалық терапия – қосымша сабақтар әдісімен студенттердің үлгермеушіліктерін жою шаралары. Батыста «теңестіру топтары» қолданылады, олардың артықшылықтары олардағы

сабақтар топтық және жеке оқу құралдарын таңдау арқылы күрделі диагностикадан кейін өткізілетіндігінде. Мұндай сабақтарды мамандандырылған оқытушылар жүргізеді, сабаққа қатысу міндетті.

4. Тәрбиелік әсер – үлгерімі төмен студенттермен жеке тәрбие жұмысын жүргізу керек, өйткені үлгермеушілік көбінесе нашар біліммен байланысты.

Топтарында үлгерімі төмен студенттер көп оқытушыларға жүргізілген сауалнамалар олардың жалпы өз жұмыстарына көңілі толмайтынын, бұл студенттердің психологиялық ерекшеліктерін білмейтінін, олармен жұмыс істеуді, яғни өз пәні бойынша оқу процесінде өзара әрекеттесуді білмейтінін көрсетті [9].

Үлгерімі төмен студенттерді оқытуда кәсіби-тұлғалық тәсілді жүзеге асыру оқытушының лайықты тұлғалық қасиеттерін дамытуды талап етіледі.

Студенттердің жоғары оқу орнында табысқа жетуінің маңызды факторларының бірі олардың жоғары оқу орнына дейінгі дайындық деңгейі болып табылады. Мысалы, мектепте орыс тілін меңгеру деңгейі төмен оқушы жоғары оқу орнында орыс тілді орыс мұғалімдерінің сөзін түсінбейтіні, сондықтан пәнді меңгере алмайтыны белгілі. Дәл осындай жағдай ағылшын тілі сабағында да қайталнуы мүмкін. Бұл өз кезегінде оқушының білім деңгейін төмендетіп, оқудағы үлгермеушіліктің негізгі себебіне айналуы мүмкін. Бұл тұрғыда мектептегі білім деңгейі де кез келген оқушының болашақ білім сапасына әсер етеді деуге толық негіз бар. Бұл мәселені шешу үшін мектептегі білім сапасын арттыру, мектептерді сапалы кадрлармен қамтамасыз ету, сондай-ақ сабақ сапасы мен мұғалімдердің білімін жүйелі түрде бақылау қажет.

Өкінішке орай, университетте үлгерімі төмен студенттердің саны жыл сайын артып келеді. Академиялық үлгермеушілік «созылмалы» құбылысқа айналуға және бұл құбылыстың көптеген объективті және субъективті себептері бар. Студенттердің академиялық үлгермеушілігін толығымен жою мүмкін емес, бірақ үлгерімі төмен студенттердің санын барынша азайтуға әбден болады. Ол үшін университеттегі оқу үдерісінің барлық мүдделі тараптарының жұмысын оңтайландыру қажет. Мұндай жұмыс екі бағытта жүргізілуі керек:

1. Білім беру процесіне қатысатын барлық құрылымдардың өзара әрекеттесуіне жағдай жасау.
2. Үлгерімі төмен студенттермен жұмыс істеуге кәсіби дағдыларын қалыптастыру, педагогикалық өзара әрекеттесу үшін арнайы педагогикалық қабілеттерін анықтау және дамыту мақсатында мұғалімдерге тұрақты психологиялық-педагогикалық тренингтер өткізу [10].

Қорытындылай келе, студенттердегі үлгермеушіліктің алдын алу үшін сонау мектеп табалдырығынан бастап жүйелі жұмыстар атқарылуы керек. Атап айтатын болсақ, балаға мектеп жасынан бастап мамандықты дұрыс таңдауды үйретіп және сол мамандыққа деген қызығушылығын арттыруы қажет. Бүгінгі мектеп оқушысы ертеңгі жас маман болғандықтан мектепте мамандық таңдауға байланысты сағаттар кіріктіруді ұсынған болатын едім. 9-10-11-сынып яғни бітіруші сыныптармен де жаңа, сұранысқа ие мамандықтармен таныстыру сонымен қатар көптеген түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыруды (мектеп әкімшілігі тарапынан немесе университет тарапынан) ұсынамын. Көптеген жас жеткіншектер жаңа мамандықтар, немесе қазіргі күндегі сұранысқа ие мамандықтар туралы білмей жатып, университет қабырғасының студентіне айналады. Өзі оқып жүріп басқа да қызықты мамандықтар туралы білген кезде ол студенттің өз мамандығына деген қызығушылығы жоғала бастайды, ал енді осы жерден үлгермейтін студент, өз жұмысын ұнатпайтын мамандар туындайды. Бұндай мамандармен «еліміздің келешегі бұлыңғыр» деуге толық негіз бар. Жас жеткіншектер мамандықты университетте емес, мектепте таңдайды. Өзінің мамандығы бойынша жұмыс істей алмайтынын түсінген студенттің барлығы да өзі қалаған мамандыққа ауысып кете алмайды (материалдық жағдайдың келмеуі, ата-ананың қарсылығы т.с.с), сондықтан ол өмір бойы өзін мәжбүрлеп қаламайтын мамандықта жұмыс істеуіне тура келеді. Осы тұрғыда көптеген мәселенің шешімі болып отырған мамандық таңдау мәселесіне мұқият болған жөн. Мектеп оқушыларына тек білімді сіңіріп қана қоймай, олардың мамандықтаңдауына көмектесуі мектептің басты міндеттерінің біріне айналуы керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қ.Ж.Аганина Білім беру жүйесіндегі менеджмент / монография. - Алматы, 2021.-232 б
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 2007 жыл 21 мамыр. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S070000009>
3. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы (2021.02.01 берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) https://online.zakon.kz/document/?doc_id=30119920
4. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>
5. Р.И.Остапенко Системный подход к проблеме неуспеваемости студентов гуманитарных специальностей по математическим дисциплинам // Современные научные исследования и инновации. Июль, 2011. URL: <http://web.snauka.ru/issues/2011/07/1410> (дата обращения: 06.05.2012).
6. Ю.К.Бабанский Оптимизация процесса обучения. М., 1977.
7. П.П.Блонский Школьная успеваемость. Избр. пед. произв. М., 1961.

8. Положение о порядке ликвидации академической задолженности ГБОУВО РК «КИПУ» [Электронный ресурс] // Локальный нормативный акт ГБОУВО РК «КИПУ» от 28 января 2015 г. URL: http://kipu-rc.ru/downloads/2015/02/poloj_ enie_ akadem_ zadolj_ enost.pdf.
9. Ю.К.Бабанский Оптимизация процесса обучения (аспект предупреждения неуспеваемости): Дисс. докт. пед. наук. М., 1973.
10. Положение о кураторстве студенческой группы ГБОУВО РК «КИПУ» [Электронный ресурс] // Локальный нормативный акт ГБОУВО РК «КИПУ» от 28 января 2015 г. URL: http://kipu-rc.ru/poloj/polojenie_o_kuratorstve_st_gr.pdf.

УДК 376.22

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ПӘНІ – АДАМГЕРШІЛІКТІҢ БАСТАУЫ

Каженбаева Айжан Есетовна,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау Университеті доценті

Карабаева Нургуль Бакбергеновна,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау Университеті магистрі

Атырау қ, Қазақстан

Аннотация

Өзектілігі және мақсаты: Мақалада инклюзивті білім берудің мақсаты, міндеті, маңызы «инклюзивті білім беру» пәні арқылы білім алушыларды адамгершілікке тәрбиелеу қарастырылған. Сонымен қатар мақалада инклюзивті білім беру жағдайында мұғалімдерді әлеуметтік-педагогикалық жұмысқа даярлау тәжірибесі және бүгінгі қоғамдағы орны мен ерекшеліктері айқындалған.

Түйінді сөздер: Инклюзивті білім беру, ерекше балалар, әлеуметтік-педагогикалық жұмыс.

Аннотация

Актуальность и цель: В статье рассматриваются цель, задачи и значение инклюзивного образования, формирование у учащихся нравственности через дисциплину «Инклюзивное образование». В статье определены практика подготовки педагогов к социально-педагогической работе в условиях инклюзивного образования, ее место и особенности в современном обществе.

Ключевые слова: инклюзивное образование, особые дети, социально-педагогическая работа.

Abstract

Relevance. Goal: The article discusses the purpose and objectives of inclusive education, the formation of mercy and morality in students through the subject of «inclusive education». The article also defines the practice of preparing teachers for social and pedagogical work in the context of inclusive education, its place and features in modern society.

Keywords: inclusive education, special children, socio-pedagogical work.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев Ұлттық қоғамдық Сенім кеңесінің VI отырысында: «Қазақстанда ерекше білім беруді қажет ететін балалар саны көбейіп барады. Олар кезегі келген кезде толық оңалтудан өтуге мәжбүр. Балалар сапалы білім алуы керек. Мемлекет тарапынан арнайы психолог мамандардың даярлануына назар аударылуы керек» – деген болатын.

Инклюзивті білім беру ерекше оқытуды қажет ететін балаларды сапалы білімге қол жетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған білім беру жүйесін ұйымдастыру. Ол балалардың дене, психикалық, зияткерлік, мәдениетникалық, тілдік және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан сапалы білім беру орта

сына қосуды, барлық кедергілерді жоюды, олардың жан-жақты білім алуы үшін әлеуметтік бейімделуін, әлеуметтік ортаға енуін көздейді.

«Инклюзия» ағылшын тілінен аударғанда «қосылу», «араласу» ұғымын білдіреді.

Инклюзивті білім берудің мақсаты – барлық білім алушыларды оның жасына, жынысына, этникалық ерекшеліктеріне қарамастан әлеуметтік ортаға бейімдеу, баланың жеке қажеттілігіне түзету-педагогикалық, отбасылық, әлеуметтік қолдау көрсету, олардың дене бітіміндегі, интеллектілік, эмоциялық, тілдік даму ерекшеліктеріне қарамастан жалпы білім беретін мектептерге қалыпты балалармен бірге педагогикалық үрдіске қосу.

Инклюзивті білім берудің міндеттері: білім алушы ерекше оқушылар өздерін қоғамның белсенді мүшесі ретінде сезінетіндей, оқуға ынтасы артатындай әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, яғни қолайлы қолжетімді білім беру ортасын құру, инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын ұйымдарды мамандармен қамтамасыз ету, ерекше оқытуды қажет ететін тұлғалардың техникалық, кәсіптік және жоғарғы білім алуларына жағдай туғызу, инклюзивті білім беру саласында қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу.